

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.39-43

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

*Меңдібай Ернар Айбекұлы
Сәкен Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті
I-курс, техникалық факультеті,
логистика мамандығы
Нұр-Сұлтан қ.*

Ахмет Байтұрсынұлы - алып тұлға. Ахметтің қазақ халқына сіңірген еңбегі орасан зор, бірақ солардың ішіндегі көзге түсерлік ең ауқымды еңбегі Қазақ әліпбиінің негізін қалау болып саналады. ХХ ғасыр аяқталғанда, адамзат баласы қандай жетістіктерге жеткенін айтып, алдыңғы мыңжылдықта атқарылған жұмыстарын қорытындылайды. Дүниежүзі бойынша әртүрлі газет пен журналдарда «қандай жаңалықтар мен ашылулар адамзат өркениетінің дамуына қатты әсер етті?» деген сұрақтар толып кетеді. Халықтың басым көпшілігі бұл сұраққа «Адамзат ақпаратты сақтауды, өңдеуді және таратуды үйренді» деген тұжырымға келеді. Ақпаратты таза қалпына сақтау, тарату адамзаттың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл ойнады. Бірақ ақпаратты тарату үшін міндетті түрде «жазу» керек болды. Жазу - ақпаратты тасымалдауға арналған құрал ретінде пайдаланылды. Әр халықтың мәдениетіне байланысты өзіне тән жазуы болады. Орта Азия мен Қазақстан жерінде жазу ерте ортағасырларда пайда болған. Қазақтардың арғы атасы ертедегі түркілер руна жазуларымен жазған. Ал, Алтын орда ханы Батый басқа елдермен қарым-қатынас орнатып, хат алмасқан кезінде, моңғол тілінен бөлек, көне түркі тілінің жазуын пайдаланған. VII ғасырдың екінші ширегінде басталған «араб шапқыншылығы» Орта Азия елдерінің мәдениетіне қатты әсер етеді. Араб халифаты жаулап алған жерлеріне Ислам дінін кеңінен насихаттап, соның нәтижесінде жергілікті халықтардың арасында араб жазуы тарала бастайды. Сөйтіп, қазақ жеріне араб қарпі Х ғасырда келіп, ХХ ғасырға дейін қолданыста болады. Қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің 1864 жылы Орынборда шыққан «Қазақ хрестоматиясы», 1871 жылы шыққан «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрді. Алайда «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліппе емес, оқу мен жазуды жетік меңгерген балалардың алған білімі мен дүниетанымын ары

қарай дамытуды көздейтін оқулық еді. Бұдан кейін орыс тарихшы-этнографы А. Е. Алекторов пен орыс қоғам қайраткері А. В. Васильевтің әліппелері жарық көрді. Бұл әліппелер қазақша және орысша нұсқалардан тұрды. Оның авторлары К. Д. Ушинскийдің «басқа ұлт балалары орыс тілін саналы меңгеру үшін өзінің ана тілінде сауат ашуы қажет» [4] деген қағидасын ұстанды. Бірақ қолданылған әліппелер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгелдей бере алмады. Түркі зиялыларын біріктірген «Жәдитшілер ұйымының» бір топ мүшелері де қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар жазды. Қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеді. М. Нұрбаевтың 1910 жылы Уфада шығарылған «Әліппесі», Қазан қаласындағы З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», 1912 жылы Қазанда жарық көрген М. Малдыбаев пен Ж. Аңдамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппе», 1913 жылғы К. Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы»[5], сынды шығармалар осындай серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді. Алайда бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмады.

Сөйтіп, ХХ ғасырдың басында Қазақ жерінде жазу,оқу мәселесі ушығып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлының алға қойған мақсаты қазағының көзін ашу еді. Ол қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын.

Сондықтан, Ахмет Байтұрсынұлының оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ол үшін ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолданылу ретін, жұмсалу орнын анықтауды мақсат етеді. А. Байтұрсынұлы бұл туралы өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдан бастап бала оқытқан кезімде, бос уақытымда өз бетіммен білімімді толықтырып, әдебиетпен шұғылдандым. Ал, Орынборға келгеннен кейін (1910 жыл) ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитінің жаңа емлесін ретке салып,оны жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөгде тілдің сөздерінен арылттым, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын,яғни іс-қағаздар тілін,публицистика және ғылыми тілін,жасанды кітаби сипаттардан арылтып, оларды халықтық сөйлеу тәжірбиесіне икемдеу үшін терминдерді жасауға кірістім» [6]. Ахмет Байтұрсынұлы, сөйтіп, 1910 жылдан бастап, араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. Сол күндері қазақ халқы пайдаланып келген таза араб таңбаларының дәл қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтындығын түсініп, былай деп жазды: «Әріп – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса әріп жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту керек емес, ол дыбысқа жоқ әріпті іздеп табу керек. Ол жалғыз бізде ғана болған емес, өзге жұртта да болған, әріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола әріпті бұзып өзгертеді» [6]. Педагог, тілтанушы Телжан Шонановтың айтуы бойынша,сол кездегі араб жазуының

негізгі кемшіліктері: біріншіден, дыбыстың айтылуын өзгертетін диакритикалық таңбалар араб әліпбиінің үйренуін қиындатты. Екіншіден, сөздегі орналасуына байланысты әріптердің жазылуының өзгеріп отыруы. Үшіншіден, таңбалардың анық жазылмауы, оқуды қиындатты. Төртіншіден, әріппен формула бірге жазылатын ғылыми жұмыстар, нота түсіру секілді арнайы мәтіндер жазғанда араб әліпбиінің мүлдем қолданысқа келмеуі. Осындай жазу мәселелерінің шешімі ретінде 1912 жылы ана тіліміздегі тұңғыш әліппеміз «Оқу құралы» жарық көреді. Аталмыш еңбекте Ахмет араб жазуының негізінде қазақ әліпбиін жасап, қазақ тілінде қолданылмайтын таза араб әріптерін алып тастап, оның орнына қазақтың төл әріптерін енгізді А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиін түзеу үшін алдымен оның фонетикалық жүйесін талдап береді. Тарихи-лингвистикалық зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, оның бұл жұмысы – нағыз ғылыми, ғылыми аргументтері күшті, тіпті бүгінгі күннің талабын да өтейтін еңбек болып табылады. А. Байтұрсынов бұл ізденістерінде қазақ тілінің фонологиялық табиғи белгісі – сингармония заңдылықтарына сүйенеді. Бүгінгі фонетист ғалымдар А. Байтұрсынұлы дыбыстар жүйесін сингармофонемалар ретінде дұрыс таныды дейді. Сондай-ақ қазақ алфавитін жасауда болсын, грамматикалық, оның ішінде морфологиялық категорияларын зерделеуде болсын, А. Байтұрсынұлы тіл біліміндегі парадигмалық жүйені ұстады. Парадигмалық жүйе дегеніміз – тіл бірліктерінің, дыбыстардың, морфологиялық көрсеткіштердің, емлесілік тәртіптердің, екі түрлі типін қарама-қарсы қойып жүйелеу.

Сондықтан қазақ әліпбиін түзуде дыбыстардың дауысты-дауыссыз, жуан-жіңішке, қатаң-ұяң сияқты оппозииттерін негізге алған. Бұл бүгінгі ғылыми тұрғыдан қарағанда өте дәлелді, дұрыс ұстаным болып саналады.

Мұндағы А. Байтұрсынұлының жетістігі қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай бөлінуін дәл белгілеп, әрбір дауысты дыбысқа арнап арнайы таңба белгілеуінде. Сонымен, оның араб графикасы негізінде жасаған алфавитінде 24 әріп болды. Осы 24 әріптің ішінен 16 таңба дайын күйінде алынған, 8 таңбаны өзі қосқан. Бұл жобада араб алфавитіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір таңбаларды алып тастау, қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у дыбыстарының әрқайсысына жеке таңбалар алу ұсынылды. Сөйтіп, Ақмет Байтұрсынұлының жөндеген жаңа қазақ алфавитінде бас-аяғы 24 әріп таңбасы болып шығады. Жүйелілікпен түзілген бұл әліпбиін Ахмет Байтұрсынұлы «тәртіпті жазу» [6]. деп атаймыз деп: «Тәртіпті жазу дегеніміз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі, әрпі бар болуы» [6]. деп анықтайды. Араб жазуы – Құран қолданған әліпби, сондықтан оған өзгерістер енгізуге, қысқартуға, өзге таңбаларды қосуға болмайды деген діндар догматиктердің қарсы пікірлері болғанына қарамастан, озат ойлы, білімді адамдар тарапынан, мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады 1913 жылғы «Қазақтың» № 35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» [6] деген мақаласында А. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстарды таңбалар жөнінде өз ұсыныстарын айтқан болатын. Олар

мынандай шарттардан тұрды:1.Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді. 2.Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады. 3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу. Кезінде орыс оқымыстылары түркі халықтарынан шыққан ғалымдарды бағаламауға тырысқан.Бұл сол кездегі патшалық,кеңестік саясат еді. Сондай заманның өзінде Е.Д Поливанов, Н.Ф. Яковлев секілді ғалымдар өзінің көлемді мақалаларын Ахмет Байтұсынұлының әліпбиіне негіздеп, оның кәдімгі математикалық формула тұрғысынан нәтижесі тура шығатындай есепке құрылғандығын жазады. Н.Ф.Яковлев бұл әліпбиді «Әлемдегі барлық әліппелердің ішіндегі ең ықшам әрі бір тілдің бүкіл фонетикалық байлығын көрсете алатын әліпби» [7] деп жоғары бағалаған. Ал профессор Е. Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» атты мақаласында А.Байтұрсыновтың араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалаған. Ахмет жасаған әліпби «Жаңа Емле» деген атау алды.Бір қызығы, Ахметтің шығарған жазуы ел арасында «төте жазу» деп аталып, Қытайдағы, Ауғанстандағы, Ирандағы қазақтардың арасында қазіргі уақытқа дейін қолданылып келеді. Оның сыры, 1918 жылдың жазында, Ахмет, Міржақып, Райымжан Мәрсеков, Садық Аманжолов,тағы бір адам бар, бес кісілік делегация Қытайдың Шәуешек, Үрімжі қалаларына іс-сапармен барған. Алаштықтар алыс сапарға өкіметтің жұмсауымен емес, өз қалауларымен аттанған. Шекараның арғы шегінде қалған бауырларымыз ұлтының ілім-білімін, қоғамдық ойын жеткізуді мақсат тұтқан. Шынында да, бұл кездесу көрші елдегі қазақтардың рухын,еңсесін біраз көтеріп тастаған болатын. 1917 жылға дейін Ахметтің «Оқу-құралы» 7 рет басылып шығарылады. Осы алфавитпен 1913-1919 жылдары «Қазақ» газеті және көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды.

Алғаш рет қазақ графикасы ғылыми деңгейде 1924 жылы Орынборда 12 маусымда басталған Қазақ және қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселелерге жазу мәселесі де кірді. Съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыптары» деген атпен баяндама жасайды. Ол түркі халықтарының қолданылып келе жатқан жазуы бар екендігін,оны тастап басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Еуропа халықтарының тіліне түркі жұртының қатысы жоқ дей келе, «латын әліпбиін тұтынған Еуропа жұрты балаларымызға тілін үйретіп отырған орыс жұртының орнында болса екен...Онда латын әліпбиін алуға болар еді.»деп ойын орнықтыра түседі.Жиын соңында Ахмет Байтұрсынұлы: «Жақсы әліппенің қасиеттері-жылдам жазылуы,баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым озық әліппеміз тұрғанда босқа латыншыл болудың қажеті не?Латынның керегі

жоқ! Латынды ауызға алу-еріккендік! Латынды орыс халқы алмағанда, біз неге аламыз? Әріпке қызығып, бүкіл мәдениетімізден айырылып қаламыз ба? Латынның кемшілігі-кейбір әрпінің үш-төрт түрлі жазылуы, газет қып басып шығарғанда әріптерінің қосылып кетуі».

Сөйтіп, Ахмет шығарған жазу ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды.

1923 жылдан бастап Қазақстанда латын алфавитіне көшуді қолдайтын әртүрлі қозғалыстар пайда бола бастайды. Басқа түркітілдес елдерге қарағанда латын қарпі Қазақ еліне кеш келген болатын. Оның себебі, басқа түркітілдес елдерде әліпби жөнделіп, жаңартылмаса, ал қазақ жерінде қолданылып келе жатқан араб қарпі А. Байтұрсынұлының бастауымен қазақ тіліне сай етіп өзгертілді. Сөйтіп, Ахметтің «төте жазуы» қазақ жерінде латын қарпінің тез таралуына кедергі жасады. Қазақ АКСР-ның Орталық Атқарушы Комитетінің 1928 жылдың 14 желтоқсанында «Жаңа әліпби енгізу туралы» жарлығы шықты. Осы жарлыққа байланысты көптеген дискуссиялар, республика аралық съездер, конференциялар болып, жазу мәселесі қызу талқыға түсті. Солардың бірі 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезі. Бұл съезде жазу мәселесі талқыланып, бұл мәселенің шешімі ретінде екі қарама-қайшы көзқарас пайда болды. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен қазақ тілінің негізінде жазалған араб қарпін қолдаушылар және Нәзір Төреқұлұлы, Ә. Байділдин бастаған латын қарпін қолдаушылар. Латыншылдар латын қарпін экономика, заманауи техника жағынан берер пайдасы мол деп, көптеген мысалдар келтіреді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлының бұл жиында алты рет сөз сөйлеп, араб қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің теңдесі жоқ екенін түсіндіруге тырысты. «Бұрыннан пайдаланып келе жатқан, әрі нақтылы бір ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб графикасын латыншаға ауыстырудың не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ. Керісінше, дәстүрлі жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздіреді» [8]. Бұл туралы белгілі ғалым Ә.Қайдаров «1929 жылы Қазақстанда тіліміздің табиғатына бейімделіп ресми ұлттық жазу болып қалыптаса бастаған А. Байтұрсынұлының әліпбиін аластатуға ешқандай объективті себеп яки қажеттілік болған жоқ» деген ойын білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы араб әрпін түркітілдес халықтардың 90 пайызы қолданатынын айтады. Арысымыз әліпбиінің стратегиялық, тарихи мәнінен бөлек, ғылыми көшілікке оның қарапайым алты артықшылығын даралап көрсетіп береді. Ол мынандай дәлелдерден тұрды: 1. Оңнан солға қарай жазғанда адамның қолы талмайды. 2. Араб әліпби ілеспе жазуға ыңғайлы. Адам қаншалықты тез сөйлесе де, қалам иесі үшін сөзді қағазға түсіру қиындық тудырмайды. 3. Араб әліпби көп көлем алмайды. Латын қарпімен жазылған үш-төрт беттік мәтін, араб қарпімен жазылса жарты бетке сыйып кетпек. Бұл жөнінде орыстың ғалым Е.Д. Поливанов өзінің жазған мақаласында: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и

представляющей последней в историческом формировании национальной графики, которым вполне могут гордиться казакские деятели просвещения- как крупным культурным завоеванием» деп жазады [8]. Ахмет Байтұрсынұлының пікірі барлық түркітілдес ғалымдардың көкейіне қонғанымен, оның ұсынысы қабылданған жоқ. Мұның сыры Орталық Комитеттің Әзірбайжан Компартиясына берген астыртын нұсқауында болса керек.

Кеңестік билік Ахаңның әліпбиінен түркі халықтарын біріктіріп жібереді деп қауіптенеді. Ал Баку съезі араб әліпбиін біржолата ығыстыруды көздеген болатын. Ғалымдар ұлт мұратын, түркі тұтастығын көкसेген қайраткердің ішкі күйзелесін ұғынғанымен, ғылыми орта саясаттың шылауынан шыға алмады. Ақыры араб қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің тамырына Баку конференциясында балта шапты. Араб әліпбиінің қабылданбай қалуы қазақ тарихы үшін өте өкінішті оқиға болды. Ұлт ұстазының әлі күнге дейін қазаққа қызмет етіп келе жатқан ұлы ісі-тіл саласындағы ғылыми еңбектері. Мұқтар Әуезов А. Байтұрсынұлының қазаққа сіңірген еңбегін «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиет» деп қысқаша сипаттаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/96>
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/96>
3. <https://articlekz.com/kk/article/22571>
4. <http://rusnauka.com/index.php/rusnauka/article/view/>
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/96>
6. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>
7. А.Б. Абдуалы. Латын әліпбиі – рухани жаңғыру мен ұлт тұтастығы негізі» ғылыми материалдар жинағы. – Тараз: Тараз университеті, 2018. - 245 б.
8. https://el.kz/news/archive/n-zir_t-re-lovta_shy-ys_d-st-rindegi_a-yndy_-ner_de_bol-an/
9. Formation of the language identity of a blogger S.V. Olenev The Department of Stylistics and Rhetorics, Kildibekova, Z.K. Kurmanova, T.M. Kravtsova, Maracaias-Venezuela Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 904-921 ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9385 <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090>
10. Metaphors in anatomical terminology Zifa Temirgazina, Marzhan Akosheva, Shakaman Yrysgul, Aigerim Shaharman Zauresh Kurmanova, Meruyert Kairova, Space and Culture, India (ISSN20528396-India-Scopus), 748797. Volume 7, Issue 1, 2019, Pages 143-153. ISSN 20528396, India. <https://spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/article/view/528>

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Курмановна Зауреш Кенесовна.